

2018 жылдағы профессор-оқытушылар құрамының Университеттің ғылыми іс-шараларына қатысуы

Жыл сайын қазақ тілі оқытушылары Тіл күніне арналған ірі іс-шаралар өткізеді.

01.03.2018ж. кафедра мүшелері Университеттің 1 курс студенттері арасында алғыс күніне арналған «Мен бәріне рақмет айтамын!» тақырыбында институт аралық жазбаша байқау өткізді.

2018 жылдың 3 мамырында кафедра мүшелері Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 90-жылдығына арналған оқырмандар арасында «Как слово наше отзовется...» атты пәнаралық аралық байқау өткізді.

2018 оқу жылында кафедра мүшелері Абай атындағы ҚазҰПУ 90-жылдығына арналған «Поэтика және поэзия-VIII проблемалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысты.(2018 жылдың 24-26 мамыр аралықтары): проф. Жумагулова Б.С., проф. Кажигалиева Г.А., проф. Чингисова А.А., доц. Бекишева Р.И., доц. Кадырова Г.А., доц. Маймаков А.Д.

В рамках проведения Декады науки-2018 кафедрой практических языков были проведены следующие мероприятия:

Ғылым онкүндігі -2018 аясында Практикалық тілдер кафедрасы келесі іс-шараларды өткізді:

1. 2018 жылдың 2 сәуірінде Филология және көптілді білім беру институтының практикалық тілдер кафедрасының ғалымдарының еңбектерінің кітап көрмесі өтті. Көрмеде «Орыс тілі», «Қазақ тілі» кафедраларының пәндері бойынша ғылыми жұмыстар, монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары ұсынылды.

Мысалы, Кәсіби орыс тілі. «5В011500 - Құқықтану және экономика негіздері» мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы / Бекишева Р.И., Кажигалиева Г.А. - Алматы: ҚазҰПУ «Ұлағат» баспа үйі. Абай, 2016 ж. - 196б.; Кәсіби орыс тілі. «5В010700 - Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы / Кажигалиева Г.А., Бекишева Р.И. - Алматы: ҚазҰПУ «Ұлағат» баспа үйі. Абай, 2016 ж. - 384б.; Орыс тілі: студенттер үшін оқу құралы. 1-бөлім. / Бекишева Р.И., Қажығалиева Г.А., Тоқтамбаев Р.К. - Алматы: ҚазҰПУ «Ұлағат» баспа үйі. Абай, 2014. – 288 б. және тағы басқалар.

2. 2018 жылдың 6 сәуірінде «Ғылымның онкүндігі - 2018» жалпы университеттік жоспарына сәйкес Филология және көптілді білім беру институтының практикалық тілдер кафедрасы «Не? Қайда? Қашан?» атты танымдық-зияткерлік викторинасын өткізді.

Аталмыш викторинаға университетіміздің 4 институты қатысты. Олар: Өнер, мәдениет және спорт, Жаратылыстану және география, Математика, физика және информатика институттары, сонымен қатар п.ғ.д., профессор Гүлмира Кажигалиеваның, ф.ғ.кандидаттары, доценттер Галина Кадырованың, Алмагүл Маймақованың және ғылым магистры, аға оқытушы Сауле Есімбектің басшылығымен Педагогика және психология институтының студенттері де қатысты.

3. 2018 жылдың 7 сәуірінде Абай атындағы ҚазҰПУ-да Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының 11 сынып оқушылары арасындағы «Абай сыйы» республикалық олимпиадасы және Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы Ашық есік күні өтті.

Осыған орай аталмыш іс-шарада мансапқа бағытталған жұмысқа жауапты практикалық тілдер кафедрасының аға оқытушысы Раушан Тохтамова Талғар қаласының С. Сейфуллин атындағы №2 мектебінің (директор Райхан Укеева, сынып жетекшісі Шолпан Сапашева) және Ю.Гагарин атындағы №8 мектебінің (директор Гүлмарья Ошакбаева, сынып жетекшісі Эльмира Абдигалина) 11 сынып оқушыларын, аға оқытушы Сәуле Есімбек Алматы қаласының №148 мектеп-гимназиясының (директор Фатима Алиакпарова) және №133 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушыларын (директор Тамара Зубкова) шақырды.

4. 2018 жылдың 7 сәуірінде "Ғылым онкүндігі -2018" жоспарына сәйкес практикалық тілдері кафедрасының оқытушылары Алмагүл Шынтемірова, Меруерт Әлібаева, Зәуре Өмірзақова, Сауле Нұрғали, Аида Нұрбаева Физика, математика және информатика және География және жаратылыстану ғылымдары институттарының 1 курс студенттерімен 2016 жылдан бері тарихи жерде орналасқан Қабанбай батыр көшесідегі ұзақ уақыт медициналық колледж болған Верный балалар үйінің орнындағы Алматы мұражайында болды.

5. 2018 жылдың 11 сәуірінде, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың негізінде, проф. Махинұр Низамова «Интерактивті оқыту әдістемесі арқылы техникалық жоғары оқу орындарының студенттерінің тілдік дайындығының сапасын арттыру» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді.